

Жеткіншектердің
психикалық дамуының
үрдістері

Орындаған: Кертай.Н

Қабылдаған: Бектурсунова Д.

Жоспар:

1. Жеткіншек жас кезеңнің психологиялық үрдістері
2. Жеткіншектердің даму ерекшеліктерінің психологиялық тұрғыдан теориялық зерттелу жағдайы.
3. Жеткіншектердің жас кезеңін зерттеу әдістері

- Жеткіншектік кезеңнің шектері шамамен балалардың орта мектептің 5-8 сыныптарында оқитын кезеңмен сәйкес келеді, ол 11-12 жастан 14-15 жақа дейінгі аралықты қамтиды. Жеткіншектік кезеңнің баланың дамуындағы ерекше орны *«өтпелі»*, *«бетбұрыс»*, *«қиын»* кезең деген атауларында бейнеленген.

- Балалық шақтан ересектікке өту кезеңдегі дене, ақыл-ой, адамгершілік-әлеуметтік дамудың барлық жақтарының негізгі мазмұны мен өзіне тән ерекшелігі болып табылады. Барлық бағыттарда сапалық жаңа құрылымдар қалыптасады, организмнің, сана-сезімнің үлкендермен және жолдастарымен қарым-қатынастың олармен әлеуметтік өзара іс-әрекет әдістерінің танымдық және оқу-әрекетінің мінез-құлыққа, іс-әрекет пен қарым қатынасқа арқау болатын моральдық-этикалық нормалар мазмұнының қайта құрылуы нәтижесінде ересектік элементтері пайда болады

- Жеткіншектіктің жеке басы дамуының аса-маңызды факторы оның өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі. Жеткіншек дамуының алуан түрлі көріністерімен елеулі айырмашылықтары:
 - 7 сыныпта бет-пішіні мен мүдделері әлі балаға ұқсас ер балалар ;
 - ересектер өмірінің қайсы бір жақтарына ортақтасқан өте ересек балалар;
 - өздігінен білім алып жүрген «интеллектуалдар» ;
 - оқу материалдарының өзін өздігінен игере білмейтін жеткіншектер;
 - болашаққа деген жоспары айқын емес мектеп оқушылары ;
 - болашақ мамандығына саналы түрде даярлана бастағандар.

- Жеткіншектік кезең қиын әрі сыналатын кезең деп саналады. Бұлай бағалау осы уақытта болатын көптеген сапалық өзгерістерге байланысты, бұл өзгерістер кейде баланың бұрынғы ерекшеліктерін, қарым-қатынастарын түбірінен өзгертетін сипатта болады. Жеткіншектіктің дамуындағы биологиялық фактор проблемасы баланың организімінде нақ осы шақта биологиялық толысу жолына түбегейлі өзгерістердің болуынан туындайды. Дене күшінің дамуында жаңа кезең басталып, жыныстық жетілу процесі өрістейді. Организімнің қайта құрылуы эндокриндік жүйедегі өзгерістерден басталады. Бұл процестер қыз балаларда 11-13 жаста, ер балаларда 13-15 жаста неғұрлым жедел жүреді. Бойдың ұзаруы, салмақтың артуы, кеуде клеткасы шеңберінің өсуі жеткіншек шақтағы дене толысуының өзіне тән жағдайлары, бұлар "күрт өсу" деген ерекше терминмен белгіленеді. Осының нәтижесінде баланың пішінімен салыстырғанда жеткіншектің пішіні өзгереді. Дененің пропорциясы ересек адамға тән пропорцияға жақындайды. Бас сүйегінің жедел жетілуі нәтижесінде бет әлпеті өзгереді. Организімнің қайта құрылуы жеткіншектің ішкі жағдайларына, әсерлеріне, көңіл-күйіне әсер етіп, оның жалпы ұшқалақтығының, қимыл-белсенділігінің, енжарлауының негізі болады. Жыныстық толысу мен дене күші дамуындағы өзгерістердің жаңа психологиялық құрылымдардың пайда болуында бірталай маңызы бар.

- Антрополог Р. Бенедикт балалықтан ересектікке өтудің екі типін бөліп көрсетті.

а) үздіксіз

б) баланың балалық шағында оқып үйренгенімен ересектің рөлін жүзеге асыру үшін қажетті іс-әрекет тәсілдері мен түсініктер арасында үзілістер болатын типі.

* Антропологтар жеткіншектік шақты бала өзінің қоғамдағы орнына жетер жолда болатын, оның ересектердің қоғамдық өміріне өтуі жүзеге асатын кезең деп қарады. Бұл идеяны дамытуда К. Левин (АҚШ) ерекше орын алады. Левиннің жеткіншектің «өз орнын таппауы» туралы идеясын қазіргі уақытта Д. Коулмен және басқа да шетел психологтары дамытуда.

- *Сонымен, жеткіншек жастың ерекшеліктері:*
 - Барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкендердің қамқорлығы мен ақыл-кеңесінен құтылғысы келеді;
 - Үйге берілген тапсырмаларды жаттап алмастан өз сөзімен түсінікті етіп айтуға тырысады;
 - Үлкендерге сын көзбен қарап, олардың айтқанын сынап-мінеп, кей кезде өрескіл мінез көрсетуі, жеткіншек істі игеру жағынан әлі бала болса, ал талап қою жағынан ересек, өз мүмкіншілігін жоғары бағалап, бәрін өзі істей алатындай сезінуі;

- Жеткіншектердің қырсық мінез көрсетуіне, ересектер талабын оңай орындамауына негіз болатын бірнеше себептер бар. Олар:
 - * Балалардың оқудан басқа айналысатын шаруасының болмауы.
 - * Радио, теледидар, басқа да ақпарат көздерінен ересектерге арналған хабарды көріп, соған еліктеуі.
 - * Күні-түні фантастикалық және криминалистикалық әдебиеттерді оқып, ондағы кейіпкерлерге еліктеуі.
 - * Өздігінен үлкен балалармен танысып, солардың жағымсыз әрекеттеріне еліктейтіндігі.
 - * Агрессияның анық байқалуы.

- Баланың өзін-өзі тану дұрыс қарым-қатынасын дамыту, баланың өзіндік «менің» анықтауға көмектесу, балаларды дұрыс қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу, балаларды жан-жақтылыққа, кісілік парасаттылыққа, салауаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеу мақсатында «өзін-өзі тану» пәнінің рөлі зор. Осы міндеттерді бала бойына дарыту мақсатында оқытудың әдіс-тәсілдері қолданысқа енгізіледі:

1. Интерактивтік әдіс
2. Топтық жұмыс
3. Ой – қозғау әдісі
4. Жобалау әдісі
5. Рөлдік ойындар
6. Шешім қабылдау әдісі
7. Қосымша жұмысты орындау.

- **А.Е. Личко бойынша мінез акцентуация типтері:**

1. Гипертимдік тип. Негізгі ерекшелігі - көңіл-күйі барлық уақытта көтеріңкі болып жүретін, болашағына үлкен үмітпен қарайтын оптимистер.

2. Лабильдік тип. Аффектілі тұрақсыздар, кей кезде ешқандай себепсіз көңіл-күйлері тез және кенет өзгертін адамдар.

3. Сенситивтік тип. Үлкен компанияларды, дабр-шу шығаратын ойындарды жақтырмайды. Бейтаныстармен қарым-қатынас жасамайды.

4. Шизойдтық тип. Тұйық, қарым-қатынасы шектеулі. Шизойдтық жеткіншектер - тынымсыздықтың өте жоғары сатысындағы меланхоликтер.

5. Эпилептоидтық тип. Аффектілік ұстамалы. Көңіл-күйі тұрақсыз, көтеріңкі болуы қысқа мезгілге созылады, ал бұзылуы ұзақтығымен және аффектісінің өте терең жүруімен сипатталады.

6. Тұрақсыз тип (Қозғыштық). Көңіл көтеруге, сырапшылыққа, уақытын бос өткізуге әуесқой, импульсивті, реактивті.

7. Астено-невротикалық тип. Көңіл-күйі айнымалы, ашушаң, ипохондрияға бейім. Мәнсіз нәрсенің сылтауымен ұрыс-қағыс шығарып, агрессиясын анық байқатады.

8. Демонстративтік тип. Эгоцентризмі шексіз, өзіне көпшіліктің көңлін аударып отыруды, олардан мақтау естуді, ең болмаса басқалардың наразылығына бөленіп жүруді қажет етеді.

9. Циклоидтық тип (тұйықталып қалушылық). Балалық шақта гипертимдік типтен айырмашылығы жоқ. Пубертанттық кезеңде көптеген қиыншылыққа кездесумен байланысты көпшіліктен қашып, жекеленіп жүрумен ерекшеленеді.

10. Аффекті-экзальтациялық. Наразылық көрсетуге жақын, экзальтацияға, аффектіге бөленуі оңай, эмоцияға тез бөленетін, дінге берілген, педант, кекшіл, жәбірленгенін, ренжіткенді ұзақ уақыт ұмытпайтын, өкпелегіш болады.

- *Жеткіншектердің агрессиясын диагностикалау.*

(Басса-Дарки әдістемесі)

Мақсаты: бала агрессиясының түрін және оның көрініс беру ерекшелігін анықтау.

Акцентуациясын анықтау

(Шмишек тесті).

Мақсаты: Акцентуация көрініс беруінін анықтап, оның түрін және күшін бағалау.

Жеткіншектердің интеллектуалдық даму деңгейін анықтау тесті

(ШТУР тестінің жеткіншектерге арналған модификациясы)

Мақсаты: орта буын оқушыларының интеллектуалдық даму деңгейін және жалпы мағлұматтылығын бағалау.

"Шульте кестесі" әдістемесі

Мақсаты: зейіннің тұрақтылығын және жұмысқа қабілеттік динамикасын анықтауға арналған. Шульте кестесі зейінді дамытуға да қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ.Б. Психология. , 1993.
2. Тәжібаев Т. Жалпы психология., 1993.
3. Немов Р.С. Психология 3-х томах. -М., 2002.
4. Нұрмұхамбетова Т.Р. Тәжірибелік психология. Шымкент, 2007.2-том.
5. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. , 1981.